

### 3. Кавказ және Орталық Азия: аймақтың өсім әлеуетін ашу

2017 жылы қалпына келгеннен кейін Кавказ және Орталық Азия (КОА) аймағында ЖІӨ өсімі 2018 жылы және орта мерзімді болашақта тұрақтанады деп күтілуде. Дегенмен, КОА аймағындағы тұрмыс деңгейін болжанып отырған өсім қарқынымен Еуропаның дамушы елдерінің қазіргі деңгейіне жеткізу үшін жиырма жылға жуық уақыт қажет болады.<sup>1</sup> Азаматтардың есесін толтыру процесінен пайда көруін қамтамасыз ету үшін аймақтағы елдер жеке секторға қолайлы іскерлік ахуал жасай отырып және бәсекелестікті көтермелей отырып, экономикадағы елеулі мемлекеттік ықпалды азайту жолымен жеке секторға негізделген өсім моделіне көшуі қажет. Сонымен қатар, қаржы секторындағы әлсіздіктерге және үлкен мемлекеттік борышқа байланысты қауіп-қатерлерді жою үшін 2014 жылғы сыртқы күйзелістер нәтижесінде қатты сарқылған қорларды қалпына келтіру керек. Неғұрлым күшті буферлер сондай-ақ жаһандық өсімге төнетін қауіптер мен көбейіп келетін сауда шиеленісі болған жағдайда көмектеседі.


#### Өсімнің қалпына келуін тұрақтандыру және инфляция төмен деңгейде қалуда

КОА аймағы 2017 жылы 4,1 пайызға өсті, оған шикізат тауарларының жоғары бағасы, тұрақты сыртқы сұраныс пен кейбір елдерде фискалдық ынталандыру ықпал етті. Өсім 2018 және 2019 жылдары 4 пайызға тұрақты болып қалады және орта мерзімді перспективада 4,2 пайызға тұрақтанады деп күтілуде, бұл осы ғасырдың бірінші онжылдығында байқалған 9 пайыздың орташа көрсеткішінен әлдеқайда төмен.

Мұнай экспорттаушылар үшін өсім 2018 жылы жалпы алғанда 3,8 пайыз және 2019 жылы 3,9 пайыз тұрақты болады деген болжам жасалуда (3.1-сурет). Өзирбайжанда көмірсутекті емес салаларға жасалатын

Дайындаған: Филипп Баррет және Фанг Йанг. Зерттеу жұмысын орындауға көмек көрсеткен: Джордж де Леон Миранда. <sup>1</sup> Еуропаның дамушы елдеріне Албания, Босния және Герцеговина, Болгария, Хорватия, Венгрия, Косово, Македония, Черногория, Польша, Румыния, Сербия және Түркия кіреді.

3.1 суреті  
Орташа мерзімдегі өсу перспективалары  
(Нақты ЖІӨ өсуі, пайыз, индексі 2005 = 100)



Дереккөздер: ХВҚ зерттеу бөлімі, мемлекеттік органдар және ХВҚ қызметкерлерінің есептері.  
Ескертпе: Шикі мұнай - МАОб индексі = орташа мұнай бағасы - UK Brent, Dubai Fateh және West Texas Intermediate шикі мұнайының орташа бағалары.  
ҚДЕЕ = қалыптасқан және дамушы Еуропа елдері.

мемлекеттік инвестициялардың өсімі болжануда, бұл 2018 жылы айтарлықтай өсімге алып келеді. Қазақстанда да 2018-19 жж. бәсекеге қабілеттілік пен өнімділікті арттыруға бағытталған құрылымдық реформаларға, сондай-ақ іскерлік ахуалды жақсартуға, «Бір белдеу - бір жол» бастамасы мен Өзбекстандағы реформаларға негізделген көмірсутекті емес салалардың неғұрлым күшті өсімі күтілуде. Осылармен салыстырғанда көмірсутек саласының өсімі баяулайды деп күтілуде, өйткені Қашаған жаңа кен орнынан түсетін пайда орташа болады.

Мұнай импорттаушы елдерде өсім 2017 жылы 6 пайыздан 2018 жылы 5 пайызға дейін және 2019 жылы 4,8 пайызға дейін баяулайды деп күтілуде. Ресей 2015-16 жылдардағы дағдарыстан әлі де қалпына келіп жатқандықтан, аймақтағы экономикалық белсенділік бұрынғысынша тұрақты сыртқы сұраныс пен ақша

### 3. КАВКАЗ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: АЙМАҚТЫҢ ӨСІМ ӨЛЕУЕТІН АШУ

аударымдарымен нығайтылып отырады. Ішкі тұтыну Грузия мен Арменияда белсенді деңгейде сақталады, бірақ жалпы өсім қарқыны Арменияда орташа болуы мүмкін, өйткені оның 2017 жылғы айтарлықтай жоғары көрсеткіштеріне ішкі сұраныстың артуы себепші болды. Қырғыз Республикасында да алтын өндірудің нашарлауынан 2018 жылы өсім баяу болады, бірақ 2019 жылы қалпына келеді деп күтілуде. Тәжікстанда ірі мемлекеттік инвестициялық жобалар мен ішкі сұраныстың арқасында тұрақты өсім қарқыны сақталады.

Орта мерзімді болашақта негізгі экономикалық серіктестердің баяу дамуына, мұнай бағасының төмендеуіне және кейбір елдерде болжам бойынша мемлекеттік инвестициялардың қысқаруына байланысты аймақтағы өсім қарқыны әлсірейді деп күтілуде. Уақыт өте келе, өсім тұрақтанады, бірақ оны әлсіз жеке инвестициялар мен өнімділік тежеп отырады.

АҚШ долларына қатысты екіжақты айырбас бағамы аймақтың көптеген елдері үшін тұтастай алғанда тұрақты болды, бірақ Ресей рублі бағамының төмендеуі тиімді айырбас бағамдарының артуына алып келді. Бұл мұнай бағасының өсуіне қарамастан, аймақтағы инфляциялық қысымдарды басуға үлесін тигізді. Түрік лирасының жақындағы нығаюы Түркиядан айтарлықтай көлемде тауар импорттайтын елдерде (Грузия, Қырғыз Республикасы; 3.1-суретін қараңыз) шынайы айырбас бағамының одан әрі өсуіне түрткі болады. 2018 жылы жалпы алғанда инфляция төмен деңгейде қалады және кейбір елдерде инфляцияны нысаналау режимдерінің қабылдануы инфляциялық болжамдарға негіз болады деп күтілуде. Көптеген елдерде бұл орталық банктерге барабар ақша-кредит саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік берді, ал Әзірбайжан, Грузия, Қазақстан және Тәжікстан 2018 жылы есептік мөлшерлемелерін төмендетті.

Өзбекстанда баға реформалары мен айырбас бағамы төмендеуінің кешіктірілген салдары 2018 жылы инфляцияның өсуіне себепші болды, бірақ 2019 жылы ол төмендейді деп күтілуде. Түрікменстанда да коммуналдық қызметтер мен энергия бағасының

реформасы себебінен инфляциялық қысымдар артты.


## Орындалып жатқан салық-бюджет шоғырландыруы

2017 жылы мұнай экспорттаушы елдер 2014-16 жылдардағы сыртқы күйзеліс әсерінің орын толтыру үшін өктемпаздық салық-бюджет саясатын жүргізуді жалғастырды, енді қазіргі уақытта мұнай экспорттаушы елдердің көпшілігінде салық-бюджет шоғырландыруы жүргізілуде. Осылайша, мұнайдан басқа бюджеттік теңгерімділік 2017 жылы ЖІӨ-нің -17,4 пайызынан 2018 жылы -12,1 пайызға дейін және 2019 жылы -11,9 пайызға дейін қысқарады деп күтілуде (3.2-сурет). Қазақстанда 2015 жылы басталған және 9 млрд АҚШ доллары бөлінген «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту және жаңғырту бағдарламасы аяқталды, Түрікменстанда күрделі шығындар қысқартылды және Өзбекстанда несиені табыстау жөніндегі операциялардың қысқартылуы әлеуметтік шығындардың ішінара ұлғаюымен өтелетін болады. Алайда, Әзірбайжанда негізінен мұнай секторына инвестиция жасауға байланысты күрделі шығындардың жоспарлы ұлғаюы мұнайға қатысы жоқ бастапқы теңгерімнің нашарлауына алып келеді. Бұл шаралар мұнайдан түсетін кірістерді одан әрі ұлғайта отырып, мұнай экспорттаушы елдердің жалпы бюджеттік теңгерімін 2018 жылдан бастап оң айырмаға апарды.

Керісінше, мұнай импорттаушы елдердегі бюджеттік шектеулер 2016 жылғы ЖІӨ-нің -5,4 пайызынан 2017 жылы -4,4 пайызға дейін жақсартуға көмектесті. 2018 жылы және орта мерзімді болашақта (-3,9 пайызға дейін) одан әрі жақсаруы күтілуде. Бұған негізінен Армения мен Грузиядағы бюджеттік саясаттың біршама ұстамды болып қалуы себеп болды, алайда орта мерзімді перспективада Грузияда бейтарап позиция күтілуде. Дегенмен, Қырғыз Республикасындағы тапшылық дискрециялық шығындардың салдарынан ұлғаяды деп күтілуде.

## Мұнай бағасының өсуімен сыртқы позициялардың нығайуы

3.2 суреті  
Бюджеттегі мұнай емес және жалпы бюджет теңгерімі арақатынасының өзгеруі: 2017–18  
(Пайыздық нүктелер)



Дереккөздер: Мемлекеттік органдар және ХВҚ қызметкерлерінің есептері.  
Ескертпе: <sup>1</sup> Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменстан үшін табыстар тек мұнай емес табыстарға сәйкес келеді, қалған барлық елдер үшін жалпы кірістер пайдаланылады. <sup>2</sup> Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменстан үшін теңгерім мұнай емес ЖІӨ пайызындағы мұнай емес бюджет теңгеріміне жатады. Қалған барлық елдер үшін теңгерім ЖІӨ пайызындағы жалпы бюджеттік теңгерім болып табылады. Грузияның ағымдағы шығындары несиелік саясаттың қамтамды. Қазақстан үшін мұнай емес бюджет теңгерімі мен ағымдағы шығындарда 2017 жылғы қаржы сөзінше жасалған бір реттік қаржылық аударым қосылмаған. Елдердің қысқартылған атаулары Халықаралық стандарттау ұйымының (ISO) кодтарына сәйкес келеді.

2017 жылы сыртқы позициялар нығайып, барлық КОА елдерінде ағымдағы шот тапшылығы жақсарды. Мұнай экспорттаушы елдердегі жағдайдың жақсаруы мұнай бағасының көтерілуіне әкелді, ал тұрақты сыртқы сұраныс пен көбейген ақша аударымдары мұнай импорттаушыларға тиімді болды.

Сауда күйзелістерінің жағымды шарттары мен тікелей шетелдік инвестициялардың біртіндеп қалпына келуі де КОА елдерінің халықаралық резервтерді қайта құруына көмектесті. Дегенмен, кейбір елдер сыртқы күйзелістерге қарсы буферлерін күшейтуде табысқа жете алды (3.3-сурет).

2018 жылы мұнай бағаларының көтерілуі КОА-дағы мұнай экспорттаушы елдердің сыртқы позицияларын одан әрі жақсартты, себебі мұнай экспортының қарқынды өсімі импорттың өсімінен озады (3.4-сурет). Тек Өзбекстанда ғана 2018 жылы және орта мерзімді болашақта сауда теңгерімі қысқарады деп күтілуде, өйткені сауданы ырықтандыру импорттың күшті өсуіне алып келеді.

Осымен салыстырғанда, мұнай импорттаушы елдердегі сауда теңгерімінің

### 3. КАВКАЗ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: АЙМАҚТЫҢ ӨСІМ ӨЛЕУЕТІН АШУ

тапшылығы болжам бойынша 2017 жылы ЖІӨ-нің 4,9 пайызынан 2018 жылы 8 пайызға дейін ұлғаяды, себебі мұнайдың жоғары бағасына негізделген импорттың күшті өсуі ақша аударымдарының өсуінен асып түседі деп күтілуде. Қырғыз Республикасында алтын экспортының және ірі құрылыс жобаларына байланысты Тәжікстанда импорттың төмендеуі де сол елдердегі сауда теңгерімі тапшылығының артуына ықпалын тигізеді.

Орта мерзімді перспективада шикізат бағалары және жаһандық сұраныстың қалыпты өсуіне қарай ағымдағы сауда теңгерімдері 2014 жылғы сыртқы күйзеліске дейінгі орташа көрсеткіштен едәуір төмен деңгейде тұрақтануы мүмкін.


#### Сыртқы тәуекелдердің артуы

Аймақтың шамамен алғандағы есебі өсіп келе жатқан жаһандық тәуекелдерге байланысты. Жақын арада Түркияда пайда болып келе жатқан қысым (1-сурет) әсіресе тікелей сауда арналары арқылы және елдердің валюталарының лираға қатысты нығаяуына байланысты аймаққа әсер етуі мүмкін. Мысалы, Түркия көлемі жағынан Әзірбайжанның екінші және Грузияның үшінші ең ірі экспорттық бағыты болып табылады. Орнықты және өсіп келе жатқан сауда әрекеттерінің ықтималдығы негізгі сауда серіктестерінің (Қытай мен Ресейді қоса алғанда) өсу әлеуетін нашарлатуы және КОА экспорттары мен ақша аударымдарына деген сұранысты төмендетуі мүмкін, нәтижесінде ол экономиканың қалпына келу процесін бұзады.

Жаһандық болжамдардың нашар болуына байланысты шикізат тауарлары бағасының төмендеуі сондай-ақ аймақтағы елдердің сыртқы және қаржылық позицияларын да нашарлатады.

Дамыған елдермен қаржылық байланыстар салыстырмалы түрде шектелген болса да, жаһандық қаржылық шарттардың күтпегенде қаталдануы капиталдың кетуіне және айырбас бағамдарының күрт ауытқуына әкелуі мүмкін. Әсіресе, сыртқы борышы салыстырмалы түрде үлкен және банк секторындағы долларландыру деңгейі жоғары елдер (Әзірбайжан, Грузия және Тәжікстан) осал келеді.

3.4 суреті  
КОА елдері үшін төлем теңгерімі және экспорт  
(ЖІӨ пайызымен)



Дереккөздер: Мемлекеттік органдар және ХВҚ қызметкерлерінің есептері.  
Ескертпе: КОА = Кавказ және Орт алық Азия. Елдердің қысқартылған атаулары Халықаралық стандарттау ұйымының (ISO) кодтарына сәйкес келеді.

#### Өсім орта мерзімді перспективада тұрмыс деңгейін арттыру үшін тым төмен

Перспективалар мен өсіп келе жатқан тәуекелдерді ескере отырып, КОА елдері үшін өсудің орта мерзімді перспективалары тарихи тәжірибеге қарағанда әлдеқайда төмен және тұрмыс деңгейін орта мерзімді болашақта салыстыруға келетін экономиканың деңгейіне дейін көтеру үшін тым төмен болып қалады. Мұндай болжамды өсу қарқыны мен демографиялық үрдістерді ескере отырып, аймақтағы елдердің табыс деңгейі төмен елдер санатынан шығуына немесе Еуропалық дамушы нарықтардың жан басына шаққандағы табыстың қазіргі деңгейіне жетуіне орташа есеппен 18 жыл керек болады (3.1-кесте).

Алайда, осы орта көрсеткіштің артында елдер арасындағы он жылдан кем және бір буыннан асатын әртүрлі конвергенция уақыты жасырылған. Бұдан басқа, конвергенциядағы алшақтық жаһандық қаржы дағдарысына дейін болған алшақтыққа ұқсас (2007 жылы 20 жыл) болып, соңғы онжылдықта реформалар

### 3.1 кестесі

#### Болжамды өсу қарқынында адам басына шаққандағы ағымдағы

#### ЖІӨ салыстырушысына жету жылдары

(Басқасы көрсетілмесе, пайызбен)

	2017 жылы жан басына шаққандағы ЖІӨ (USD)		Адам басына шаққандағы ЖІӨ-нің орташа өсуі 2020-23	Жақындау жылдары
		Компаратор		
<b>Мұнай экспорттаушылар</b>				
Әзірбайжан	4 141	ҚДЕЕ	2,2	45
Қазақстан	8 762	ҚДЕЕ	3,1	7
Түрікменстан	6 643	ҚДЕЕ	5,0	10
Өзбекстан	1 520	ТТ	5,3	9
<b>Мұнай импорттаушылар</b>				
Армения	3 857	ҚДЕЕ	4,7	23
Грузия	4 086	ҚДЕЕ	5,8	18
Қырғыз Республикасы	1 208	ТТ	2,9	23
Тәжікстан	801	ТТ	2,9	38
<b>Жиынтық көрсеткіштер</b>				
КОА	5 702	ҚДЕЕ	3,7	18
КОА мұнай экспорттаушылары	6 071	ҚДЕЕ	3,6	17
КОА мұнай импорттаушылары	2 696	ҚДЕЕ	4,3	34
Еуропаның қалыптасқан және дамушы елдері	10 965			
Төмен табыс шегі	2 370			

Дереккөз: Мемлекеттік органдар, Біріккен Ұлттар Ұйымы және ХВҚ қызметкерлерінің есептері.

Ескертпе: КОА = Кавказ және Орталық Азия; ҚДЕЕ = Қалыптасқан және дамушы Еуропа елдері, ТТ = табысы төмен елдер.

жүргізуде елеулі ілгерілеудің болмағанын көрсетеді.

Өсімнің орташа деңгейде жақсаруына қол жеткізу бұл уақытты айтарлықтай қысқартуы мүмкін. Мысалы, жыл сайынғы қосымша өсімнің пайыздық нүктесінің жартысы конвергенция уақытын екі жылға қысқартады. Өсім қарқынының 2010–14 жылдардағы қарқынға дейін тұрақты түрде өсуі конвергенцияның орташа уақытын 12 жылға дейін (және мұнай экспорттаушылар үшін он жылға дейін) азайтады.

### Жеке секторға мүмкіндік беру үшін мемлекеттің қатысуын азайту

Үлкен мемлекеттік сектор – орта мерзімді өсім перспективаларын шектейтін маңызды фактор болып табылады. Мемлекеттік кәсіпорындар (МК) негізгі салаларда басым позицияларды жиі ала отырып, КОА аймағындағы экономикалық белсенділіктің елеулі үлесін құрайды. Мысалы, Қазақстанда мемлекеттік кәсіпорындар өндірістік өнеркәсіптерге, телекоммуникацияларға, қаржы мен тасымалдау салаларына белсенді қатысады. Мемлекеттік кәсіпорындардың нашар басқарылуы тиімсіз өндіріске ықпал етеді, ал субсидияланатын бағалар тұтыну мен өндіріс шығындарының бұрмалануына себеп болады. Грузияда үкімет бұндай

тәуекелді анықтауға бар күшін салғанымен, мемлекеттік кәсіпорындар негізгі қаржы тәуекелін білдіру үшін жеткілікті түрде ірі (және осал) болып келеді.

Мемлекеттің нарықтық әрекеттерге белсенді қатысуы ынталандыруды бұрмалап, экономикалық ресурстардың дұрыс бөлінбеуіне әкеп соғуы мүмкін. Қырғыз Республикасында энергия бағалары тұтынушыларға көрсетілетін қызметтің шынайы құнына сәйкес келмейді және ол энергияның жұмсалыуына жағымсыз әсерін тигізеді. Әзірбайжанда өнеркәсіптік саясат үкіметтің әртараптандыру стратегиясында маңызды рөл атқарып келеді. Үкімет қалайтын фирмалардың пайдасына нәтижелерді ығыстыра отырып, бәсекелестікті басатын «жеңімпаздарды таңдаудан» аулақ болу керек. Осыған қоса, мемлекеттің тікелей араласуы көбінесе нарықтық баламаларға қарағанда жанама немесе айқын болса да, қаржылық шығындармен ұштасады.

Ресурстар мен таланттар үшін бәсекелесе отырып, ірі мемлекеттік секторлары бар экономика серпінді жеке сектор жасай алады. Мысалы, аймақтың банк секторы ұсынатын кредиттердің жалпы көлемі басқа елдерге қарағанда айтарлықтай төмен болса да, әсіресе Әзірбайжанда, Тәжікстанда және Өзбекстанда осы несиелердің үлкен бөлігін

### 3. КАВКАЗ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: АЙМАҚТЫҢ ӨСІМ ӨЛЕУЕТІН АШУ

мемлекеттік компаниялар алады (3.5-сурет). Бұл шығыны көп мемлекеттік кәсіпорындарды демеп, өндірістің негізгі факторларының бірі болып табылатын несиелерге жеке сектордың қол жеткізуі мәселесінің одан әрі шиеленісуіне әкеп соғуы мүмкін.


Мемлекеттің рөлін қысқарту жеке сектор үшін ресурстарды босатып, оның өніп-өсуіне мүмкіндік бере алады. Қазақстанда, мысалы, ірі мемлекеттік кәсіпорындардың акцияларын бастапқы жария орналастыруын өткізу жөніндегі жоспарларды сәтті аяқтау мемлекет рөлінің айтарлықтай төмендеуінің белгісі болып, жеке сектордың экономикадағы рөлін арттыруына мүмкіндік берер еді. Сонымен қатар қаржылық-бюджеттік тәуекелдерді азайту мақсатында мемлекеттік кәсіпорындарды басқаруды жетілдіру қажет. Бұл тұрғыда Қырғыз Республикасының мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдастырылуын ретке келтіруі, яғни, олардың санын шамамен жартысына дейін қысқарту жұмысы құпталады.

Бүкіл экономикада бәсекелестікті ынталандыру сондай-ақ ресурстардың бөлінуін жетілдіру және тиімділікті арттыру үшін де шешуші мәнге ие. Бұл жеке монополиялардың мемлекеттік бақылауды алмастырмауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты Арменияның экономикалық бәсекелестік және қорғау туралы заңға өзгерістер қабылдауы оның алға қадам басуы. Грузияда кейбір салаларда (банк ісі мен денсаулық сақтауды қоса алғанда) жоғары шоғырланудың бәсекеге қабілетсіз тәжірибеге әкелуіне жол берілмеуі тиіс.

3.6 суреті

#### Жеке жалпы негізгі капиталдың жинақталуы

(ЖІӨ пайызы, қарапайым орташа мәндер)



Дереккөздер: Мемлекеттік органдар және ХВҚ қызметкерлерінің есептері.

#### Жеке инвестициялар үшін қолайлы іскерлік орта құру

Жеке инвестициялар жаһандық қаржы дағдарысынан қысқарғанға дейін ғасырдың бірінші онжылдығында тұрақты болды. Бүгінгі күні жеке инвестициялардың ЖІӨ-ге қатынасы тіпті мұнай экспорттаушылар үшін де әлі 2000-10 жж. деңгейіне қайтып оралмады (3.6-сурет), әсіресе Қазақстанда 2015-17 жж. шетелдік мұнай компанияларының мұнай өндіру саласына жасаған инвестицияларынан қалпына келді.


Компаниялар инвестициялық шешімдерге әсер ететін бірқатар қиындықтарға тап болды. Жоғарыда атап өткендей, қаржыландыруға қол жеткізу қиындығы мемлекеттік сектордың ресурстар үшін жеке сектормен бәсекелесуіне байланысты. Кәсіпкерлердің салық, сыбайлас жемқорлық, ережелу және бюрократия бизнес үшін кедергі ретінде қарастырылатын (3.7-сурет) жауаптары да мемлекеттің экономикаға шамадан тыс әсер етуінің белгісі. Осы мәселелерді жеңілдету шаралары жеке инвестицияларды ұлғайтуға және өсімді жеделдетуге ықпалын тигізетін болады (5-тарауды қараңыз). Бұл тұрғыда Армения үкіметінің сыбайлас жемқорлықты қысқартуы және бәсекелестікті жақсартуы жағымды жағдай болып саналады.

Жаңа фирмалар әсіресе аймақтарда күреседі. КОА нарығына шығу көрсеткіштері басқа аймақтарға қарағанда, соның ішінде Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан Африка елдерін қоса алғанда, айтарлықтай төмен (3.8-диаграмма). Бұр ретте Грузия айтуға тұрарлық ерекше мысал болып табылады. Оның құрылымдық реформаларының, соның ішінде 2000 жылдардың басында және соңғы жылдары жүзеге асырған реформаларының сәттілігі бизнестің жаңа қатысушылары санының тұрақты өсуіне, сондай-ақ жеке инвестициялардың аймақ бойынша орташа көрсеткішпен салыстырғанда ұлғаюына әкелді.

### 3.7 суреті

#### КОА елдерінде бизнес жүргізу қиындықтары

(Бірінші бестіктегі шектеулерді анықтайтын елдер саны)




Дереккөз: Дүниежүзілік экономикалық форум, Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы баяндама 2017-18.  
Ескертпе: Түрікменстан мен Өзбекстан мәліметтердің болуына байланысты қосылмады.

Жеке сектордың өсуін аймақтық және жаһандық экономикалық интеграцияны тереңдетуге бағытталған реформалардың көмегімен де ынталандыруға болады. Сауда мен инвестицияларды кеңейтуге аймақты ашу неғұрлым төмен бағалар бойынша тауарлар мен қызметтерге қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді, бәсекелестік артады, әртараптандыруға ықпал етеді және сайып келгенде өнімділік пен өсуді арттырады (3.1-сурет)<sup>2</sup>. Өзбекстанда таяуда болған баға және тауар нарықтарының реформалары жалпы аймақтағы өзгерістер

### 3.8 суреті

#### Бизнестің кіру тығыздығының коэффициенті

(Еңбекке қабілетті жастағы 1000 адамға шаққанда жаңадан тіркелген жауапкершілігі шектеулі компаниялар саны)



Дереккөз: Дүниежүзілік банктің бизнес жүргізу туралы есебі.

Ескертпе: Деректер 2014-16 жылдар аралығындағы соңғы мәнге сәйкес келеді. Барлық КОА елдері 2016 жылдың мәндерімен берілген. ДЕ = дамыған елдер, ЕМАСИА = дамушы Азия, ҚДЕЕ = Дамушы Еуропа, ГРУ = Грузия, ЛАК = Латын Америка және Кариб бассейні, МЭ = мұнай экспорттаушылар, ММ = мұнай импорттаушылар және СОА = Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан Африка елдері.

мен өсіп-өркендеуді жылдамдатуы мүмкін. Мәселелер тиісті түрде шешілсе, «Бір белдеу-бір жол» бастамасын іске асырудағы ілгерілеу сондай-ақ аймақтың жаһандық сауда желілеріне одан әрі интеграциялануына мүмкіндік береді (2018 жылдың мамыр айындағы *Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы аймақтық экономикалық болжамына енгізілген өзгерістерді* қараңыз).

### Қаржы секторының экономикалық өсімге қосқан үлесін ұлғайту

Қаржы жүйелері өсімді қолдауда әлі де шектеулі рөл атқаруда. 2014 жылы басталған сыртқы күйзелістер бірқатар КОА елдерінің банк секторындағы осалдықтардың негізгі факторларын анықтады. Тиімсіз банктердің мәселелерін шешу бойынша қолданылған соңғы шараларға қарамастан, банктердің әлсіз теңгерімдері бұрынғысынша несие беруді шектейді және банктердің экономикалық өсімді қолдауға қосатын

<sup>3</sup> Қаржылық тұрақтануды жақсарту стратегияларының жан-жақты талқылауын «Вера-Мартин және басқалары (2018)» құжатынан қараңыз.


### 3. КАВКАЗ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: АЙМАҚТЫҢ ӨСІМ ӨЛЕУЕТІН АШУ

үлесін жоққа шығарады (3.9-сурет). Сәйкесінше, несие берудің өсуі банк секторы жақсы күйде болатын Грузия мен Арменияда тұрақты бола тұра, Әзірбайжан, Қазақстан және Тәжікстан сияқты банк секторы қаржылық күйзелістен толық қалпына келмеген елдерде әлсіз болып қалады. Жеке сектордағы кредиттік шектеулерді әлсірету үшін нашар активтер мен өмір сүруге қабілетсіз банктер мәселесін шешу осы елдердің басты мақсаты болып қала береді.

#### 3.9 суреті


#### Жеке секторға берілген банктік кредиттер

(Жылдық өсеппен кредиттің өсуі, пайыз)



қадағалауды нығайту, бәсекелестіктің құқықтық және құрылымдық кедергілерін жою және банктерді басқару құрылымын жетілдіру қаржылық тұрақтылық үшін басым міндеттер болып қала береді. Елдер сондай-ақ долларландыруды қысқарту жұмыстарын жалғастыруы керек.

Елдер жетістікке жетіп жатыр. Мысалы, Әзірбайжанда банктік қайта ұйымдастырудың жаңа жүйесі құрылды. Қазақстанда орталық банктің қадағалау



Дереккөздер: Мемлекеттік органдар және ХВҚ қызметкерлерінің есептері. Ескертпе: Бұл мәндер валюталық бағамның әсерін ескере отырып түзетіледі.

Аймақтың қаржы секторындағы қиындықтар бәсекелестіктің жоқтығын, әлсіз басқарылуын, кредиттік нарықты сегменттеуді және әлсіз реттеу мен қадағалауды қоса алғанда терең құрылымдық себептерге ие. КОА-да банк секторының долларландырылуы тұтастай алғанда жоғары болып қалады, бұл валюта бағамдарының күрт ауытқуы жағдайында теңгерімнің жоғалуын одан бетер қиындатуы мүмкін. Осылайша, қаржылық тұрақтылық пен сенімділік үшін осы құрылымдық мәселелерді шешудегі іргелі реформалар шешуші мәнге ие.<sup>3</sup> Стратегия мен мерзімдер елдегі жағдайға байланысты болса да, көптеген КОА елдері үшін тәуекелге негізделген реттеу және

өкілеттіктерін нығайту бойынша бастамалар қабылданды. Тәжікстан жүйелік банктер активтерінің сапасын қайта бағалауды бастап, төлем қызметтерін реттеу туралы заңнаманы бекітті. Қырғыз Республикасында орталық банк халықаралық стандарттарға сәйкес келетін пруденциялық нормаларды енгізді және тәуекелге бағдарланған қадағалау бағытында қадам жасауда. Ал Грузия мен Армения банктік реттеу мен қадағалауды күшейтіп, банк рұқсатының құрылымын жетілдіруде және банктің басқарылуын нығайтуда.

Банк жүйесін нығайту жөніндегі шаралар бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын дамытуды және реттеу



мен қадағалауды нығайтуды қоса алғанда, капитал нарықтарын одан әрі дамыту бойынша әрекеттермен толықтырылуы тиіс. Бұл компаниялардың инвестициялар үшін ұзақ мерзімді капиталға қол жеткізудің баламалы арнасын қамтамасыз етіп, қаржыландыруды барынша қолжетімді етуге көмектеседі. Бұл тұрғыда Қазақстанның жергілікті бағалы қағаздар нарығын тереңдету жөніндегі бастамасы құптауға тұрарлық.

Осыған қоса, қаржылық интеграцияға жәрдемдесу жөніндегі әрекеттер инклюзивті өсімге ықпал етудің анағұрлым кең мақсатының бөлігі, соның ішінде қаржы технологиясын, әсіресе мобильді төлем жүйелерін ілгерілету жолымен жалғастыру керек (2017 жылғы қазан айындағы *Аймақтық экономикалық болжам: Таяу Шығыс және Орталық Азия* мақаласын қараңыз).


### Өсімге қолайлы бюджеттік шоғырландыру арқылы тұрақтылықты арттыру

Кейбір КОА елдерінде мемлекеттік борыштың едәуір ұлғаюы осалдықтарды арттырып, анағұрлым жоғары және инклюзивті өсімді ынталандыруға кедергі келтіруі мүмкін. Әзірбайжанда, Арменияда, Қырғыз Республикасында және Тәжікстанда мемлекеттік борыш ЖІӨ-нің 50 пайызына дейін ұлғайды (3.10-сурет). Шетел валютасындағы немесе айырбастау бағамына байланысты мемлекеттік борыштың елеулі үлесі валюта бағамдарының едәуір ауытқуы алдындағы елдердің осалдығын арттырады. Қаржы секторы мен мемлекеттік кәсіпорындарға байланысты шартты міндеттемелерді жүзеге асыру да борыштық ауыртпалықты қиындатуы мүмкін.

Елдердің орта мерзімді қаржылық-бюджеттік жоспарлары бойынша олардың борышты қазіргі деңгейде тұрақтандыруға бағытталғанын көрсетеді. Алайда, кейбір елдердегі инфрақұрылымдық жетіспеушіліктерді жою үшін қаржылық-бюджеттік кеңістік құру қажеттілігімен ұштасқан борыш осалдығының артуы бюджеттік шоғырландырудың өсімі үшін

### 3.10 суреті Жалпы мемлекеттік борыш және шетел валютасындағы немесе айырбас бағамына байланысты берешек

(ЖІӨ пайызы)




Дереккөз: Мемлекеттік органдар және ХВҚ қызметкерлерінің есептері.  
Ескертпе: Елдердің қысқартылған атаулары Халықаралық стандарттау ұйымының (ISO) кодтарына сәйкес келеді.

қолайлы және инклюзивті сипатын сақтай

### 3.11 суреті Орташа аударым сомасы

(Сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі бойынша адам басына шаққанда күніне АҚШ долларымен)



Дереккөз: Дүниежүзілік банк, әлеуметтік қорғау саласындағы тұрақтылық пен әділдік көрсеткіштерінің атласы (ASPIRE).  
Ескертпе: Елдердің қысқартылған атаулары Халықаралық стандарттау ұйымының (ISO) кодтарына сәйкес келеді. EMEU = Дамушы Еуропа елдері. Мәндер 2010-14 жылдар аралығында әрбір ел үшін қолжетімді соңғы мәнге сәйкес келеді.

отырып, өршіл қаржылық-бюджеттік мақсаттарға қол жеткізу қажеттігін көрсетеді.

### 3. КАВКАЗ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: АЙМАҚТЫҢ ӨСІМ ӨЛЕУЕТІН АШУ

Орта мерзімді реттеу мемлекеттік кәсіпорындарға аударымдарды азайту, шығыстардың тиімділігін арттыру және өсуге жәрдемдесу сияқты табысты жұмылдыру және шығындарды ұтымды ету шараларының тең тіркесіміне негізделуі тиіс.<sup>4</sup> Осы тұрғыда Қазақстандағы медициналық және білім беру қызметтерін жеткізушілерді жан басына шаққанда қаржыландыру, мемлекеттік-жеке бизнес серіктестігі мен аутсорсингті кеңейту, сондай-ақ реформалар жақсы әзірленген және орындалған жағдайда мемлекеттік жалақыны қайта қарау жөніндегі салықтық-бюджеттік реформа дұрыс жолмен келе жатыр. Әзірбайжанда мемлекеттік кәсіпорындар қатаң басқарылатын болды, тариф бағамдарын көтеру және субсидиялардың ашықтығын арттыру бойынша жұмыс жасалуда. Сонымен қатар, әлеуметтік шығындар да өсуі тиіс. Табысы төмен үй шаруашылықтарын қолдаудың негізгі құралдарының бірі болып табылатын ақша аударымдарының көлемі халықаралық стандарттар бойынша төмен болып саналады (3.11-сурет). Осы екі элементті жетілдіру, сонымен қоса пайданы мақсатқа сай бөлу реттеудің анағұрлым осал топтарға тигізетін әсерін жеңілдетуге көмектесіп, қаржы-бюджет саясатының өсіміне ғана қолайлы емес, сондай-ақ инклюзивтік те

<sup>4</sup> Қаржылық буферлерді жетілдіру стратегияларының талқылауын «Гемаель және басқалары (2018)» құжатын қараңыз.

болуын қамтамасыз етеді (4-тарауды қараңыз).

Бұдан басқа, шоғырландыруды нығайтуға орта мерзімді бюджеттік құрылымдарды күшейту ықпалын тигізеді. Бұл тұрғыда Қырғыз Республикасындағы бюджет кодексіне өзгерістер енгізу және салық ережелерін енгізу жөніндегі бастама мақұлдауға тұрарлық. Армениядағы жаңа бюджеттік ереже проциклдік бюджет саясатына ауысуды баяулатуға және ірі және күтпеген жерден болатын фискалдық реттеулерді алдын алуға көмектеседі. Ақырында, бюджет-қаржы саласындағы ашықтық пен есеп беруді арттыру мемлекеттік секторға және нарыққа сенімді артуға көмектеседі.

Қазақстан мен Түрікменстандағы фискалдық есеп беруді халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру жөніндегі шаралар, сондай-ақ Өзбекстандағы барлық қаржылық-бюджеттік операцияларды бюджетке келтіру жөніндегі міндеттемелер қаржыны басқарудың тиімділігін арттыруға ықпалын тигізеді.


### 3.1-кескін. Кавказ және Орталық Азиядағы ашықтық

Болжанып отырған өсім қарқынына сәйкес Кавказда және Орталық Азияда (КОА) тұрмыс деңгейін дамушы Еуропа елдерінің қазіргі деңгейіне жеткізу үшін шамамен жиырма жыл керек болады. Жоғары және инклюзивті өсімді қамтамасыз ету үшін аймақтың өз экономикалық әлеуетін арттыратын жаңа мүмкіндіктер іздеп, қазіргі мемлекеттік басқаруға негізделген өсім моделінен басқа бағытқа бұрылуды талап етеді.

ХВҚ қызметкерлерінің соңғы құжатында (Кунцел және басқалары, 2018 ж.) үлкен экономикалық интеграцияның көмегі тиеді деген болжам жасалды. Аймақта сауда мен инвестицияны көбейту нәтижесінде бағасы төмен тауарлар мен қызметтердің қолжетімділігі мен бәсекелестігін жоғарылатады, әртараптандыруға септігін тигізеді және жалпы алғанда өнімділік пен өсімді арттырады. Бағалау нәтижелеріне сәйкес КОА аймағы сауда ашықтығын арттыратын болса, елдердің өсім қарқыны орта есеппен 1 пайыздық нүктеге жоғары болуы мүмкін (2017 жылдың қазан айындағы аймақтық экономикалық болжам: Таяу Шығыс және Орталық Азия). Едәуір үлкен шамадағы интеграция мүмкіндіктері тарифтік және тарифтік емес кедергілердің азайтылуын, өндірістік әлеуеттің жаһандық баға құру тізбектеріне интеграциялануын нығайтуды, Дүниежүзілік сауда ұйымы басқаратын көпжақты сауда бастамаларына көбірек қатысуды және «Бір белдеу – бір жол» бастамасы сияқты аймақтық интеграциялық бастамаларды жүзеге асыруды қамтиды.

Осы интеграциялық әрекеттерді қолдау үшін келесі салаларда реформалар қажет:

**3.1.1 суреті**  
**Сауда шараларының экономикалық өсуге болжамды үлесі**  
 (Пайыз)



Дереккөз: ХВҚ қызметкерлерінің есептері.  
 Ескертпе: Өсу қарқыны берілген өңірде соңғы 20 жылда байқалған ең үздік тарихи кезеңдік жақсаруына тең сауда көрсеткішінің ұлғаюына байланысты: Сауда ашықтығы үшін 7,7 пайыздық нүктелер (ПН); жаһандық баға құру тізбектері үшін 4 ПН; әртараптандыру үшін 2,4 ПН; сала үшін 1,5 ПН. ЖБТ = жаһандық баға құру тізбегі.

- **Салықтық-бюджеттік.** «Бір белдеу – бір жол» бастамасы сияқты аймақтық интеграциялық бастамаларға байланысты қаржылық тәуекелдерді басқару үшін едәуір мықты қаржылық құрылымдар қажет (Кунцел және басқалары, 2018 ж.). Ауқымды салықтық-бюджеттік реттеу де макроэкономикалық тұрақтылықты арттырады және тікелей шетелдік инвестицияларды ұлғайтуды ынталандыра отырып, инвесторларға қаржылық жауапкершілік туралы анық белгі береді. Сондай-ақ ол қазіргі уақытта ЖІӨ-нің шамамен 1,7 пайызын құрайтын тарифтік түсімдерді төмендету арқылы сауда либеризациясының қандай да бір жағымсыз қаржылық салдарын жеңілдетуге көмектеседі (3.1.1-сурет)<sup>1</sup>.

- **Ақша.** Айырбас бағамының икемділігін арттыру және аймақтағы инфляцияны нысаналауға көшу бағаның тұрақтылығына септігін тигізіп, экономиканың тұрақтылығын арттыру арқылы инвестициялардың өсуін ынталандыратын болады.

- **Қаржы саласы.** Банк жүйелерін сауықтыру мен капитал нарықтарын тереңдету қаржы делдалдығын тиімдірек етуге ықпалын тигізеді және капиталдың көп ағынын сіңіруге көмектесіп, инвестицияларды ұлғайтуға және экономиканы әртараптандыруға үлес қосады.

- **Құрылымдық.** Инфрақұрылымды, іскерлік ортаны, басқару және еңбек дағдыларын нығайтуға бағытталған реформалар елді бәсекеге қабілеттірек және сыртқы инвесторлар үшін тартымдырақ етеді (5-тарауды қараңыз).

Дайындаған: Питер Кунцел.

<sup>1</sup>Экономика едәуір жоғары қарқынмен өскенде жалпы салықтық-бюджеттік ықпал жоғары табысқа салынатын салықтан түсетін өтемақыға байланысты болады.

### Пайдаланылған дереккөздер

Gemayel, E., with L. Ocampos, M. Ghilardi, and J. Aylward. 2018. "A Growth-Friendly Path for Building Fiscal Buffers in the Caucasus and Central Asia." Middle East and Central Asia Department Departmental Paper 18/06, International Monetary Fund, Washington, DC.

Kunzel, P., P. De Imus, E. Gemayel, R. Herrala, A. Kireyev, F. Talishli. 2018. "Opening Up in the Caucasus and Central Asia: Policy Framework to Support Enhanced Regional and Global Integration." Middle East and Central Asia Department Departmental Paper, International Monetary Fund, Washington, DC.

Vera-Martín, M., T. Jardak, R. Tchaidze, J. Trevino, and H. Wang Wagner. 2018. "Building Resilient Banking Sectors in the Caucasus and Central Asia." Middle East and Central Asia Department Departmental Paper 18/08, International Monetary Fund, Washington, DC.

### 3. КАВКАЗ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: ӨҢІРДІҢ ӨСУ ӘЛЕУЕТІН АШУ

#### КОА: Таңдалған экономика көрсеткіштері

	Орташа				Болжамдар	
	2000–14	2015	2016	2017	2018	2019
<b>ЖІӨ нақты өсуі</b>	<b>8,1</b>	<b>3,1</b>	<b>2,5</b>	<b>4,1</b>	<b>4,0</b>	<b>4,0</b>
<i>(Жылдық өзгеріс; пайыз)</i>						
Армения	7,3	3,3	0,3	7,5	6,0	4,8
Әзірбайжан	10,9	0,6	-3,1	0,1	1,3	3,6
Грузия	5,9	2,9	2,8	5,0	5,5	4,8
Қазақстан	7,7	1,2	1,1	4,0	3,7	3,1
Қырғыз Республикасы	4,5	3,9	4,3	4,6	2,8	4,5
Тәжікстан	7,8	6,0	6,9	7,1	5,0	5,0
Түрікменстан	11,1	6,5	6,2	6,5	6,2	5,6
Өзбекстан	7,0	7,9	7,8	5,3	5,0	5,0
<b>Тұтынушы бағасының инфляциясы</b>	<b>9,0</b>	<b>6,4</b>	<b>10,4</b>	<b>9,0</b>	<b>8,4</b>	<b>7,2</b>
<i>(Бір жылға орташа есеппен; пайыз)</i>						
Армения	4,1	3,7	-1,4	0,9	3,0	4,4
Әзірбайжан	6,0	4,1	12,6	13,0	3,5	3,3
Грузия	6,1	4,0	2,1	6,0	2,8	2,7
Қазақстан	8,4	6,7	14,6	7,4	6,4	5,6
Қырғыз Республикасы	8,6	6,5	0,4	3,2	2,9	4,6
Тәжікстан	13,4	5,8	5,9	7,3	5,8	5,5
Түрікменстан	5,6	7,4	3,6	8,0	9,4	8,2
Өзбекстан	14,5	8,5	8,0	12,5	10,2	14,0
<b>Жалпы мем. Жалпы бюджеттік теңгерім</b>						
<i>(ЖІӨ пайызы)</i>						
Армения <sup>1</sup>	-3,1	-4,8	-5,6	-4,8	-2,7	-2,2
Әзірбайжан <sup>1</sup>	7,1	-4,8	-1,2	-1,7	4,8	6,5
Грузия	-1,9	-2,7	-3,0	-2,9	-2,8	-2,6
Қазақстан	3,1	-6,3	-5,4	-6,5	1,4	1,4
Қырғыз Республикасы	-3,9	-2,3	-5,9	-4,4	-4,7	-5,2
Тәжікстан	-2,5	-1,9	-9,8	-6,8	-7,7	-6,8
Түрікменстан <sup>2</sup>	3,8	-0,7	-2,4	-2,8	-0,9	0,0
Өзбекстан	-1,1	-1,6	-0,5	-3,7	-1,6	-2,8
<b>Төлем теңгерімі</b>	<b>1,0</b>	<b>-3,7</b>	<b>-6,4</b>	<b>-2,5</b>	<b>-1,3</b>	<b>-0,8</b>
<i>(ЖІӨ пайызы)</i>						
Армения	-8,9	-2,6	-2,3	-2,8	-3,8	-3,8
Әзірбайжан	9,0	-0,4	-3,6	4,1	6,6	8,1
Грузия	-11,0	-12,0	-12,8	-8,9	-10,5	-10,2
Қазақстан	-0,6	-2,8	-6,5	-3,4	-0,2	0,2
Қырғыз Республикасы	-2,3	-16,0	-11,6	-4,0	-12,3	-11,8
Тәжікстан	-4,3	-6,0	-5,2	-0,5	-4,7	-4,3
Түрікменстан	-7,4	-15,6	-19,9	-11,5	-8,2	-6,4
Өзбекстан	5,2	0,7	0,6	3,5	-0,5	-1,5

← Please change this to “Жалпы мем. бюджеттік теңгерім”

Дереккөздер: Мемлекеттік органдар және ХВҚ қызметкерлерінің есептері мен болжамдары.

<sup>1</sup> Орталық үкімет.

<sup>2</sup> Мемлекеттік үкімет.